

**6D010300-Педагогика және психология мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Боранбаева Актолқын Раисбековнаның «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің**

**П I К I Р I**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі кездегі үдемелі дамып жатқан жаһандану үдерісі әлемдік бәсекелестікті күшайте түсуде. Сол себепті білім берудің ұлттық жүйесін реформалау жағдайларында, оның рөлі Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылу стратегиясымен анықталады. Мұндай көлемді міндеттерді шешу үшін шетелдегі білім беру саласында өтіп жатқан үдерістерді талдау, оларды отандық білім берудің даму бағыттарымен салыстыру қажет.

Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту жоспары бүгінде өз қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған және нақты жүзеге асырылатын қадамдардың бірі. Жоғары оқу орындарында заман талаптарына сай болашақ маманың толыққанды білімін қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеуге және білім дағдыларын дамытуға жағдай жасау қажеттігі күннен күнге артып отыр.

Соның бірі, заманауи жағдайда шығармашылық ізденіс пен «өмір бойы білім алу» тұжырымы бойынша «барлық уақытта, кез-келген жерде өздігінен білім алуға» қол жеткізу мәселесі, үздіксіз өздігінен білім алуға деген үмтүлыштың пайда болуы, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық факторлардан талап етілетіндігі және бұл проблемаларды заманауи білім алуға қажетті құралдармен де, жеке тұлғаның және бірлескен ұжымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де жүзеге асыруға болады.

Жоғары білім беру саласындағы ізденістерді талдау педагогика ғылымында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселесінің жеткілікті зерттелмегендігін дәлелдейді. Демек, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға қоғамның сұранысы мен оның зерттелмегені арасында; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды тиімді жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемесі толыққанды жасалмағандығы арасында қарама-қайшылықтың бар екені анық байқалады. Осы қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру ізденуші А.Р.Боранбаеваның зерттеу мәселесін анықтауға және тақырыпты тандауға негіз болды.

Сол себептен, ізденуші Боранбаева Актолқын Раисбекованың «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру»

тақырыбындағы (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының тақырыбы қазіргі уақытта өте көкейкесті мәселелер қатарына жатады.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, 202 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 173 бетте жазылған, оның ішінде 18 сурет 10 кесте келтірілген.

1. Докторант «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» және «кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастыру» түсініктері түрлі қырларынан отандық және шетелдік зерттеушілердің іргелі еңбектеріне талдау жасай отырып, негізгі ұғымдардың мазмұнын анықтаған.

2. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрастырған.

3. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары ғылыми әдебиеттердегі жүйелі білімдер мен жоғары мектеп тәжірибесін талдау негізінде анықталған.

4. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың әдістемесі жасалынған және оны іске асырудың технологиялары таңдалған.

5. Зерттеу тақырыбына сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курс бағдарламасы, мен «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі», «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі» оқу құралдары және «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты электронды оқу құралы сынақтан өтіп, республиканың жоғары оқу орындары практикасына ендірілген.

Жалпы, А.Р. Боранбаеваның диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің PhD диссертациясына қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» талаптарына және 6D010300 – Педагогика және психология мамандығына сәйкес келеді.

## **3. Издешінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Издешінің зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігі мен шынайылығын оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құруда логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталуы, зерттеу әдістерін тиімді пайдалануымен, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің іс жүзінде дәлелденуі, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдауы зерттеу жұмысына қорытынды жасай отырып, шынайылық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және шетелдік импакт-факторы бар журналдарда жариялануы ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесін көрсетеді.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

1. *Бірінші ғылыми нәтижесе* – жаңа, «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» және «кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастыру» ұғымдарын жан-жақты зерттеуде ғылыми еңбектерді талдау, сонымен бірге, өзіндік анақтамасы берілген.

2. *Екінші ғылыми нәтижесе* – жаңа, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың әдіснамалық тұжырларын зерттеу тақырыбына сай іріктеу, құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен сиапатталып, модельде әрбір компонентін жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұрғыдан сарапанып негізделген.

3. *Үшінші ғылыми нәтижесе* – жаңа, диссертацияда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын толықтай ашып көрсете білген және жүзеге асырылуын қарастырған.

4. *Төртінші ғылыми нәтижесе* – жаңа, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың әдістемесінің мазмұнды берілуі ғылыми еңбектің құндылық деңгейін жоғарылатады және докторант өз проблемасын жоғары деңгейде білетіндігін дәлелдей түседі.

5. *Бесінші ғылыми нәтижесе* – жаңа, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курс бағдарламасы, мен «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі», «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі» оқу құралдары және «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты электронды оқу құралы дайындалып, оқу үдерісіне ендірілген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеудің нысаны мен пәнінде толық сәйкес келе отырып, мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікті негізеліп отырағандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік, ғылыми ақпараттың ауқымдылығы, логикалық бірізділігі, әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолдану, зерттеу материалдарының тұтастығы, зерттеу нәтижелерінің ғылыми болжамды растауы, ғылыми-тәжірибелік нәтижелері зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік мазмұнның ішкі бірлігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталады.

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

А.Р.Боранбаевың зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері ішкі бірлікпен, әрбір теориялық тұжырымдардың өзара байланыстылығымен және олардың тәжірибелік-экспериментте тексерілуімен, қорытындысымен және автордың қазақ тілі мен әдебиеті саласына енгізген жаңалығымен сипатталады.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның педагогика ғылыми үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика ғылымының бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогикалық пәндерді оқытуда, орта мектептерде, білім тобындағы мамандықтар бойынша болашақ мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында, осы саладағы мамандардың біліктілігін көтеру институттарының тәжірибесінде үлкен сеніммен пайдалануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.**

Диссертациялық жұмыстың қол жеткізген негізгі тұжырымдары мен қорытындылары және қағидалары КР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымда, Scopus базасына енген шет елдік нөлдік емес импакт - факторы бар ғылыми журналдар базасында, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған. Докторанттың үш жылдық оқу мерзімінде жалпы саны 13 ғылыми мақаласы жарияланған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының мақсатын жүзеге асыруда элективті курсың әдістемелік кешені, 2 оқу құралы, 1 электронды оқулық әзірленуі ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

## **8. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Актолкын Раисбековна Боранбаевың (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кейбір кемшіліктер де кездеседі:

- Диссертациялық жұмыста орфографиялық, стилистикалық және техникалық қателіктер кездеседі (24, 36, 53 бет).

- «Өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдары мен болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасалынған, отандық ғалымдардың еңбектері кеңінен қолданылса диссертацияның құндылығы одан әрі артар еді.

- Тәжірибелік-эксперимент жұмысын тек «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы аясында емес, басқада да мамандықтар шенберінде қарастырылғанда, жұмыстың ауқымдылығы көңең түсер еді.

Алайда, бұл кемшіліктер тұтастай алғанда зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді.

**9. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Ережелер талаптары бойынша диссертация мазмұнының сәйкестігі.**

Актолкын Раисбековна Боранбаеваның диссертациялық жұмысының көкейкестілігінде, алынған нәтижелердің ғылымилығында күмән жок. Ізденушінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған, зерттеу міндеттері шешімін тапқан, дәйекті еңбек ретінде бағалауға болады.

Ізденушінің 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын. Ізденуші Боранбаева Актолкын Раисбековнаға 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**  
**педагогика ғылымдарының**  
**докторы, профессор**



**С.М.Кенесбаев**